



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

-сай кәсіпті қамсыздандыру тәртібі туралы қаулы мәтіні;

-емтихандарды жүргізу механизмі [6].

Германияда кәсіптік білім беру стандарты келесідей құрамды бөліктерге ие:

-кәсіптік білім беру стандартын нормативті қамтамасыз ету (кәсіптік білім беру туралы заңнама, директив беретін мекемелердің шешімі және т.б.);

-мамандықтар мен кәсіптер номенклатурасы, бағдарламалы-әдістемелік қамтамасыз ету, кәсіптік білім берудің ұлттық стандарты;

-кәсіптік білім беру туралы құжаттарды жүргізуге кіріспе және келісу, зерттеме процедурасы;

-кәсіптік білім беру сапасын бақылау жүйесі;

-кәсіби білімді сертификатына ие, адамдардың экономикалық және қоғамдық мәртебесі.

Германияда кәсіптік білім беру жекеленген болса да, бірақ ол бірыңғай стандартталған сызба бойынша жүргізіледі. Кәсіптік білім беру туралы Заңында (қолөнер өндірісі аясына қосымша қолөнер мамандары туралы Ереже қолданылады.), кәсіптік білім беру статистикасы және жоспарлау сұрақтары реттелген кәсіптік білімге болысу туралы Заңында (1981), оқушы жастар үшін ерекше қорғау шаралары қарастырылған Жастар еңбегін қорғау туралы Заңында қарастырылған бүкіл оқу материалының толық берілуі үшін кәсіпорын оқушы алдында жауапты [7].

Тізімге енгізілген мамандыққа байланысты Білім және ғылым Федералды Министрлігі келісімімен салалық министрі өнерәсіптің әрбір саласында бар, кәсіптік оқытуды ұйымдастыру туралы Ережені шығарады. Бұлар кәсіпорында оқу үшін міндетті құқықтық құжаттар болып табылады және мамандықтың келесідей атауларын анықтайды; оқу мерзімі; оқушы алда игеретін білім және дағды; оқу типтік жоспары; емтихан талаптары.

Әдебиеттер тізімі

1. Muller, Wolf-Jurgen/Barbara Brehmeier, Ausbildungsverbund schafft Ausbildungsplatze Minden. BMW Werkstattberichte Heft 38. Bonn 1982.
2. Паульсен Ф. Исторический очерк развития образования в Германии. М., 1908. - 223с.
3. Статистические данные по системе образования МОПО РФ. М., 1997. -112с.
4. Региональная политика и национальная доктрина образования. По материалам собрания Академии профессионального образования. М.:ИРПО., 1999. -62с.
5. Stratmann, Karlwilhelm, Die Lehrabschlussprüfung als Indikator einer neuen berufspadagogischen Ratio. In: Georg, Walter (Hg.), Schule und Berufsausbildung. Gustav Gruener zum 60. Geburtstag. Bielefeld 1984, S. 15-48.
6. Gruener, Gusttav, Quellen und Dokumente zur schulischen Berufsbildung 1945-1982. 2 Baende, Koln 1983.
7. Haussler J. Kaemmerlein, S.: EG- Binnenmarkt Berufsbildung.Eine Kurzdarstellung. Hrsg.vom DIHT :Bonn 1989

ӘОЖ 377.01:004

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫДЫЛЫҒЫ

Азимова Гулжанат Канатқызы, Егеубаева Жанар Бакытжановна

gulzhanat_11@mail.ru

Л.Н.Гумилева атындағы ЕҰУ 1-ші курс магистранттары Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.К.Альжанов

Адамзат XXI ғасыр есігін әлемдік жаһандану дәуірінде, ақпараттық -

коммуникативтік технологиялардың өте жоғарғы деңгейде қарқын алып дамудың жағдайында ашты. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды [1]. Соның ішінде, атап айтсақ білім беру үрдісін ақпараттандыру дегеніміз – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, жеке тұлғаны талабына сай деңгейлеп, бағыттап оқыту, ой өрісін өсіріп, өзіндік дүние танымын қалыптастырып, шығармашылық дамуына ықпал жасау арқылы, білім, білік дағдыларымен қаруландырып, өзін-өзі дамытуына, өз мүддесі мен қызығушылығын қанағаттандыруына, бойындағы қабілетіне сай білімін тереңдетуге толық мүмкіндік туғыза отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды айтамыз [2].

Ақпараттық технологияны меңгерген педагогта интеллектуалдық, рухани азаматтық және басқа да көптеген адами келбеті қалыптасады. Ақпараттық технология құралдарын қолдау адамзаттың әр түрлі сферасында, соның ішінде білім беру саласында көптеген өзекті маңыздылыққа қол жеткізіп отырғаны белгілі. Ақпараттық-коммуникативтік технология ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникативтік байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Компьютерлік оқыту бағдарламаларының қай-қайсы болмасын өз мазмұнынан грамматикалық жұмыс жүргізуді тыс қалдырмайды, белгілі бір грамматикалық құрылымның жұмыстарын қамтиды.

Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

1. Мультимедиялық мүмкіндіктерді қолдау (музыкалық немесе дикторлық дайындау, анимация бейнеклиптер, слайдшоу).

2. Жүйенің басқару құрылымы – оқытушы өз ойын, көзқарасын, өз кезегіндегі материалдық ұсынылымын, әр түрлі аудиторияға бір ғана оқу мәлеметтерін ұсынуға мүмкіндік алды .

3. Білімді бақылау арқылы нәтиже алу, бағалау.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиясының артықшылықтары:

1. Оқушыларға оқылатын құбылыстар мен объектілер туралы толық және дәл ақпарат бере отырып, оқу сапасын арттырады;

2. Оқытудың көркемділігі артады, яғни оқушыларға қиын да күрделі материалдарды көрнекі түрде түсіндіруге қол жеткізеді;

3. Оқытудың тиімділігі жоғарылайды және оқыту материалын түсіндіру мүмкіндігін арттырады;

4. Оқушылардың ғылыми - дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыра отырып, олардың білімге құштарлығын, табиғи сұранысын қанағаттандырады;

5. Мұғалімдерді техникалық жұмыстан босата отырып, үнемдеген уақытта олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды;

6. Мұғалім мен оқушының жұмысын жеңілдетеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа инновациялық технологияларын енгізіп, бүкіл әлемдік коммуникация желісіне шығу қажеттігін атап көрсеткен [3].

Қазіргі кезде интерактивті үрдістері компьютерлік білімді тереңдетуге, оқытудың жаңа технологияларын, әдістерін және формаларын таңдауға толық мүмкіндіктер бар. Оқытудың интерактивті әдісін тиімді ұйымдастыру, студенттердің таным белсенділігін арттырып, ғылымға деген көзқарасын жоғары деңгейге көтереді.

Интерактив деген сөз ағылшын тілінен енген "өзара әрекет" жасау деген мағынаны білдіреді. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделіп отырып, "жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын" қазіргі білім беру жүйесінің ең озық, сапалы тәсілі. Интерактивті оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде студенттердің өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді [4].

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін - өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру. Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен, оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады. Интерактив бір көзқарастың немесе бір ғана сөйлеуішінің басым болуы жағдайын болдырмайды.

Әр оқытушы сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, электрондық оқулық пен интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

Интерактивті тақта - топтағы оқушылардың барлығын оқыту үшін құнды құрал. Жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін құнды құрал. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы танысуға мүмкіндігі зор. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселерді шешуге көмектесе алады. Оқытушылар өздерінің жаңа ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса мақсаттарына жетеді. Бұл тақтада оқытушылармен жаңа материалды бірігіп талдауға мүмкіндігі зор. Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналады. Ал егер де керекті материалдың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеудің артықшылықтары:

1. Бағдарлама бойынша барлық топ оқушыларына қолайлы;
2. Берілген материалды әсерлі жеткізуге және оны топтағы оқушылары арасында талқылауға үлкен мүмкіндіктер туғызады;
3. Web-сайттарды, басқа да құралдарды қолдана отырып, жаңа материалдарды түсіндіруге, меңгеруге қолайлы;
4. Әр ұстаз өз бетінше топпен жұмыстың жаңа түрлерін ойлап таба алады;
5. Оқушы алдына жаңа материалды жанды түрде көрсете отырып, танымдық қабілетін арттыруға мүмкіндік алады;
6. Оқытушының, оқушының да шабытын, қызығушылығын арттырып, сабақты тартымды өткізуге ынталандырады.

Қорыта айтқанда жаңа ақпараттық технологиялар – білім беру үрдісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі дидактикалық оқыту құралы компьютер екені бәрімізге мәлім. Сондықтан кез – келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланылады. Қазіргі заман талабына сай күнделікті сабақтарда компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтижелерін беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, Online сабақтар арқылы іске асырылып жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. М. Ғалымжанова «Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру» // «Информатика негіздері» журналы №3, 2006жыл. 26.

2. Иманбаева А. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. //Қазақстан мектебі, №2, 2000ж. 45б.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
4. Мұхамбетжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасау. // Әдістемелік құрал. – Алматы. 2008жыл. 120б.

УДК 004.912

ПРОГРАММНОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ДЛЯ СОЗДАНИЯ ПРЕЗЕНТАЦИЙ

Айгелова Алтынай Маратовна

Студентка 1-го курса, специальности Журналистика

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Ж.Б.Ахаева, старший преподаватель

XXI век — век высоких компьютерных технологий. Современный человек живёт в мире электронной культуры. Меняется и роль преподавателя в информационной культуре — он должен стать координатором информационного потока. Следовательно, преподавателю необходимо владеть современными методиками и новыми образовательными технологиями, чтобы общаться на одном языке с обучающимися.

Современное обучение невозможно представить без технологий мультимедиа, которая включает в себя совокупность компьютерных технологий, одновременно использующих несколько информационных сред: графику, текст, видео, фотографию, анимацию, звуковые эффекты, высококачественное звуковое сопровождение, то есть во всех известных сегодня формах.

В современном образовании очень важными и актуальными становятся вопросы о методах, приемах, технологиях организации образовательной деятельности, направленных на применение мультимедиа. Методы и приёмы использования мультимедиа на занятиях — разные, но при их внедрении выполняется единственная задача: сделать урок интересным. Преимуществом таких занятий является повышение качества обучения за счет новизны деятельности.

Мультимедийные обучающие презентации предназначены для помощи преподавателю и позволяют удобно и наглядно представить материал. Применение даже самых простых графических средств является чрезвычайно эффективным средством. Мастерски сделанная презентация может привлечь внимание обучающихся и пробудить интерес к учебе.

Безусловно, лидером в области программного обеспечения для создания презентаций является программа PowerPoint. Создатели PowerPoint - Боб Гаскинс и Деннис Остин — первоначально назвали программу Presenter. Первоначально, PowerPoint вышел для AppleMacintosh и лишь в 1987 году Microsoft купили программу за 14 миллионов долларов. Именно становление PowerPoint частью Microsoft сделало программу наиболее распространенной в мире. Программа проста в использовании, предлагаются множества шаблонов и стилей, существует возможность вставлять медиафайлы — создать презентацию в подобной программе не составит большого труда. Многим пользователем PowerPoint не нравится из-за своей навязчивости и банальности шаблонов. Но существуют множества других программ, среди которых программа Emaze.

Пользователь Emaze может легко создавать сложные презентации с небольшим усилием. Целью этого программного обеспечения было освободить пользователей от необходимости тратить время на изучение и подготовку презентации, чтобы они потратили свое время на фактическое содержание презентации.

Одной из альтернатив PowerPoint является программа Customshow. Customshow - является программой для создания презентации и используется в основном для бизнеса и